

МРНТИ:15.81.21

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-7847.30>

Кударина А.С.<sup>1</sup>, Аутаева А.Н.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы, Қазақстан)  
aselya\_aronova@mail.ru

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ - ТҮЛҒАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

Аңдатпа

ЮНЕСКО инклюзивті білім беруге барлығына сапалы және қолжетімді білім беруді қарастыратын феномен ретінде анықтама берген. Бұнда басты іргетас әр білім алушыны оның жеке ерекшеліктерін есепке алып қабылдау саналады. Ол гуманизмге, интеллект пен физикалық және психологиялық үрдістерін, балалардың шығармашылық қасиеттерін дамытуға негізделеді. Инклюзивті білім беруді оңтайлы жүзеге асыру педагогтардың жағымды қарым- қатынастары мен өздерінің іс - әрекетін жүзеге асыруға кәсіби- тұлғалық дайындығына байланысты. Инклюзивті білім берудің міндеті ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды олардың жеке, жасерекшелік, білім беру ерекшеліктеріне орай оқыту мен тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыруды божап, ол педагогтардың өзінің кәсіби -тұлғалық дамуына дайындығы мен кәсібилігінің жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Көптеген ғалымдар инклюзивті білім беру сферасындағы педагогтардың құзіреттілігінің жеткіліксіздігін көрсетіп, оларды психологиялық кедергілер мен кәсіби құзіреттіліктің жеткіліксіздігімен байланыстырады. Осыған орай инклюзивті білім жағдайында болашақ мамандардың кәсіби - тұлғалық дайындығын құрылымында олардың психологиялық және кәсіби дайындығын т.б қалыптастыру маңызды. Мақалада инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға болашақ педагогтардың кәсіби -тұлғалық дайындық мәселесі қарастырылған.

**Кілттік сөздер:** инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар, кәсіби -тұлғалық дайындық.

Кударина А.С.<sup>1</sup>, Аутаева А.Н.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
(Алматы, Казахстан)  
aselya\_aronova@mail.ru

## ПРОФЕССИОНАЛЬНО - ЛИЧНОСТНАЯ ГОТОВНОСТЬ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ К ОСУЩЕСТВЛЕНИЮ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

ЮНЕСКО дала определение инклюзивного образования, как феномена, которая предполагает равный доступ к качественному и доступному образованию для всех. Здесь основным фундаментом является принятие каждого ученика с учетом его индивидуальных особенностей. Оно основывается на гуманизме, развитии интеллекта и физических и психологических процессов, творческих качеств детей и др. Оптимальная реализация инклюзивного образования во многом зависит от положительного отношения педагогов и от их профессионально личностной готовности к реализации своей деятельности. Задача инклюзивного образования это обеспечение всестороннего развития детей с особыми образовательными особенностями, с учетом их индивидуальных и возрастных, образовательных особенностей и предполагает организацию

образовательного и воспитательного процесса, которая отличается высоким уровнем профессионализма и готовности педагогов к профессиональному личностному развитию. Многие исследователи указывают на недостаточную компетентность педагогов в сфере инклюзивного образования, которые показывают психологические барьеры и профессиональные некомпетентности. В связи с этим при подготовке будущих специалистов в структуре профессионально - личностной готовности в условиях инклюзивного образования важно формировать психологическую и профессиональную готовность и др. В статье рассматриваются вопросы профессионально - личностной готовности будущих педагогов к осуществлению инклюзивного образования.

**Ключевые слова:** инклюзивное образование, дети с особыми образовательными потребностями, профессионально - личностная готовность.

Kudarinova A.S.<sup>1</sup>, Autayeva A.N.<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University  
(Almaty, Kazakhstan) [aselya\\_aronova@mail.ru](mailto:aselya_aronova@mail.ru)

## PROFESSORIAL AND PERSONAL READINESS OF FUTURE TEACHERS TO IMPLEMENT INCLUSIVE EDUCATION

### Annotation

UNESCO has defined inclusive education as a phenomenon that implies equal access to quality and affordable education for all. Here, the main foundation is the acceptance of each student, taking into account his individual characteristics. It is based on humanism, the development of intelligence and physical and psychological processes, creative qualities of children, etc. The optimal implementation of inclusive education largely depends on the positive attitude of teachers and on their professional and personal readiness to implement their activities. The task of inclusive education is to ensure the comprehensive development of children with special educational characteristics, taking into account their individual and age, educational characteristics and involves the organization of educational and educational process, which is characterized by a high level of professionalism and readiness of teachers for professional personal development. Many researchers point to the lack of competence of teachers in the field of inclusive education, which show psychological barriers and professional incompetence. In this regard, when preparing future specialists in the structure of professional and personal readiness in the conditions of inclusive education, it is important to form psychological and professional readiness, etc. The article deals with the issues of professorial and personal readiness of future teachers to implement inclusive education.

**Keywords:** inclusive education, children with special educational needs, professional and personal readine.

**Кіріспе.** Барлық азаматтарды сапалы, қолжетімді білім берумен қамтамасыз ету әлемдік қауымдастық білім беру саясатының кілттік негізі саналады. 2016 жылы 1 қаңтарда күшені енген тұрақты білім беру аймағындағы 17 жаһандық мақсаттар БҰҰ-ы 193 мемлекет мүшелерімен қабылданған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сапалы және қолжетімді біліммен қамтамасыз ете отырып, жалпы білім беру ортасы жағдайында оқыту, тәрбиелеу, бейімдеу жолында «инклюзивті білім берудің» мәні орасан. Ағылшын тілінен аударғанда «Inclusion» қосу, француз тілінен аударғанда «Inclusif» өз ішінде қамтитын, «Include» қамтимын сөзі ерекше білім беру қажеттілігі бар балалаға қатысты кез келген кедергілер мен дискриминацияларды жоя отырып, қолжетімді білім беруді қамтамасыз етуге негізделген.

**Негізгі бөлім.** ЮНЕСКО құжатнамасы бойынша, инклюзивті білім беру ол барлық оқушылардың әр түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру мен олардың оқуға, мәдени іс - әрекет пен қоғам өміріне қатысуын кеңейту жолы арқылы, сонымен қатар білім беру жүйесі шеңберінде әлеуметтік оқшаулау масштабын азайту мен шектетуді болдырмауға бағытталған үрдіс. Бұл үрдіс стратегия, мазмұны мен құрылымдарды өзгертумен байланысты болып, оның айқын белгісі сәйкес жас топтарын қамтитын жалпы концепция болып, мемлекеттің міндеті барлық балалар үшін білім беру саналады (ЮНЕСКО, 2005ж. Инклюзия бойынша жетекшілік: барлығына білім беру қолжетімділігін қамтамасыз ету) [1]. Осы орайда ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар (балалар) ҚР «білім беру туралы заңы бойынша, «денсаулыққа негізделген арнайы, жалпы білім беру оқу бағдарламалары мен қосымша білім беру бағдарламаларына мұқтаж білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтары бар тұлғалар саналады [2].

Инклюзивті білім беру өзіндік тарихы мен заңнамалық тұғыры бар бірізді жүйе саналып, халықаралық тәжірибеде және елімізде ол бірқатар заңнамалық құжаттармен негізделген. Мысалы, инклюзивті білім беруді реттейтін халықаралық құқықтық актілерге: 1948 ж қабылданған Адам құқықтары туралы Жалпыға бірдей Декларацияны, 1989 ж Бала құқықтары туралы конвенцияны, 1990 ж балаларды қорғау мен дамыту бойынша Бүкіләлемдік декларация мен Бәріне бірдей білім беру Бүкіл әлемдік декларациясын; 1994 ж Саламан Декларациясын; 2000 ж дакар; 2006 ж мүгедектер құқығы турлы Конвенцияны т.б құжаттарды жатқызсақ, ал инклюзивті білім беруді реттейтін Ұлттық (Отандық) құқықтық актілер ретінде 1995 ж ҚР Конституциясын, 2002 ж ҚР «бала құқықтары туралы» Заңды және 2002 ж «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» заңды; 2005 ж ҚР мүгедектерді «Әлеуметтік қорғау» заңын; 2008 ж «Әлеуметтік қызметтер туралы» заңын; 2016 ж ҚР 2016-2019 ж ҚР білім беру және ғылымды дамыту туралы Мемлекеттік бағдарламасы; 2016 ж Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің іс- әрекетінің типтік ережелері сияқты заңнамалық құжаттарды көрсетілген [3].

Заманауи білім беру жүйесіне инклюзивті білім беруді ендіру педагог мамандарын даярлау критерийлеріне, кәсіби тұлғалық дайындау мәселесіне үлкен талап қоюда. Ұлттық мәдени құндылықтар иесі ретінде инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасайтын болашақ педагог ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасауға кәсіби ғана емес, тұлғалық тұрғыда дайын болуы шарт. Шетелдік әдебиеттерде білім беру тәжірибесіне инклюзивті қағидаларды ендіру мәселесімен Ф.Л. Ратнер, Н.М. Назарова, Н.Н. Малофеев, И.Ю. Левченко, Т.Г. Неретина, Т. Бут сияқты ғалымдар, ал педагогтардың кәсіби күзіреттіліктері мәселесімен В.А. Сластенин, Г.В. Никитина айналысса, жалпы білім беру ортасында мүмкіндігі шектеулі балаларды интеграциялау жағдайындағы жұмысқа педагогтарды даярлау ерекшелігімен (И.Н. Хафизуллина, О.С. Кузьмина, Л. Воденникова, Е.Г. Самарцева, Ю.В. Шумиловская, В.В. Хитрюк т.с.с ғалымдар айналысса, ал Отандық ғалымдардан инклюзивті білім беруді дамыту мәселесімен Р.А. Сулейменова, Мовкебаева, Аугаева А.Н, Абаева Г.А, Бутабаева Л.А, Махметова А.А т.с.с ғалымдар айналысуда.

Жетекші тұлға ретінде инклюзивті білім беру механизмін жүзеге асыруда ерекше рол мұғалімге жүктеледі. Оның педагогикалық позициясы, тұлғалық бейімділігі мен адамгершілік құндылықтары мен білімі, тәрбиесіне, кәсіби күзіреттілігіне т.б инклюзивті білім берудің нәтижелілігі тығыз байланысты. бірақ мұғалімдердің эмоциональды тұрақтылығы, толеранттылығы, рефлексиясы, эмпатиясы, психологиялық дайындығы, жалпы тұлғалық және кәсіби дайындығы басты құрамдас бөліктер саналып, оларды ЖОО қабырғасында, яғни болашақ педагогтарды дайындай барысында қалыптастыру маңызды саналады. Себебі, ЖОО болашақ педагогтарға іргетастық білім беріп, мамандыққа деген сүйіспеншілік пен кәсіби - тұлғалық дайындықты қалыптастыратын басты орындардың бірі саналады.

Тұлағалық және кәсіби дайындық мәселесін қарастыру жолында С.В. Алехина, Н.А. Пронина, Т.Ю. Зимнухова, Е.В. Губина, Т.В. Кожекина сияқты ғалымдар инклюзивті білім беруді жүзеге асырудағы басты кедергілердің бірі ол педагогикалық кадрлардың дайын еместігі, дайындығының аздығы деп, олар «инклюзивті сыныптағы мұғалімнің жұмысы жалпы мектеп мұғалімдеріне тән дәстүрлі іс - әрекет шеңберін ғана емес, сонымен қатар психологиялық педагогикалық, әлеуметтік педагогикалық, оңалту, кеңес берушілік диагностикалық, түзетушілік т.с.с жұмыстарды да қамтиды» деген [4].

Жалпы «дайындық» дефициясына келетін болсақ, ол қандай да бір нәрсені жасау үшін дайындық жағдайы саналады [5]. Бірқатар ғалымдар «дайындықты» психикалық жағдай, белгілі іс - әрекетті жасауға тұлғаның дайындығы санайды. Бұл көпдеңгейлі білім беру болып, өз ішінде мотивациялық, ерік жігер, адамгершілік сипаттамаларды қамтиды [6].

Өзге авторлардың пайымдауынша «дайындық» ол күрделі динамикалық жүйе болып, ол психиканың интеллектуальды, эмоциональды, мотивациялық, ерік жігер жақтарын қамтиды. Ал, дайындықтың басты формасы ретінде тіпті ұстанымды да қарастырады [7].

Кәсіби іс - әрекетке дайындықты Б.Г. Ананьев пен А.Н. Леонтьев жеке тұлғалық қасиеттерің көрініс десе, ал (Е.П.Ильин, Н.Д.Левитов оны функциональды деп қарастыған. В.А. Сластенин педагогикалық іс - әрекетке кәсіби дайындықты жалпы азаматтық қасиеттерді, кәсіби іс-әрекеттің спецификалық қасиеттерін, болашақ мамандыққа қатысты құзіреттіліктерді құрайтын маманға қойылатын талаптарға кәсіби негізделген үйлесімділік ретінде қарастырған. [8].

С.В. Алехина өзінің зерттеу жұмыстарында инклюзивті ортада жұмыс жасауға педагогтардың құзіреттілігінің жеткіліксіздігін қарастыруда психологиялық кедергілер мен педагогтардағы кәсіби стереотиптерді атап көрсеткен. Инклюзивті білім беру жағдайындағы жұмысқа дайындық құрылымына қажет екі көрсеткішті бөліп көрсеткен: психологиялық дайындығы (түзетушілік педагогика мен психологияның негіздерін білу; балалардың жеке ерекшеліктерін білу; сабақты моделдеуге педагогтың дайындығы, оқыту үрдісінде вариативтілікті қолдануға дайындығы т.) және кәсіби («ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды» эмоциональды қабылдауы, оларды оқу үрдісіне жұмылдыра алуы, өзінің педагогикалық іс - әрекетін қанағаттандыра алуы т.б) [9]. О.В. Бонин болса, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасауға дайындықты тұлғаның интегративті қасиеті ретінде түсіндіріп, ол аталмыш іс - әрекетке саналы және жағымды қарым – қатынас арқылы көрініс туып, оны жүзеге асыруға қажет білім мен қабілет арқылы орыналатындығын айтқан.

Л.М. Митина педагогтарды кәсіби даярлау үрдісінде үш құрылым асты қалыптасуы керек деп есептеген. Олар: іс - әрекеттік, коммуникативті, тұлғалық болып келеді. іс - әрекеттік құрылым асты педагогикалық әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажет педагогикалық білімдер мен педагогикалық құралдарды меңгеруін қарастырса, ал коммуникативті құрылым асты келесі педагогикалық қарым қатынасты шығармашылық тұрғыда жүзеге асыру үшін қажет қабілеттер мен дағдыларды дамытуды қарастырады: ақпараттық, әлеуметтік перцептивті, өзін өзі презентациялау, интербелсенді т.б. тұлғалық құрылым асты педагогикалық такт, педагогикалық рефлексия, педагогикалық бағыттылық, педагогикалық ойлау мен мақсат құрушылықты қарастырады. А. Маркова мен Л.М. Митина педагогтың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру оны өзгеріп жатқан қоғамға бейімдеу мен ары қарай дамуына ықпал ету деп қарастырады.

Зерттеу тақырыбы бойынша арнайы педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді талдау барысы инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға болашақ педагогтардың кәсіби тұлғалық дайындығын қалыптастыруда «кәсіби тұлғалық дайындық» термині сапа мен нәтижелікті қамтамасыз ететін іс әрекеттің басты негізі болып, «тұлға, тұлғалық бағыттылық, тұлғаның кәсіби бағыттылығын құрайды. Кәсіби

тұлғалық дайындық негізінде инклюзивті білім беру жағдайында білім алатын субъектілерге, жалпы педагогикалық іс-әрекетке жағымды эмоционалды қарым қатынаспен сипатталып, кәсіби тұрғыда жетілуге дайындықты, кәсіби педагогикалық бағыттылықты типаттайтын кәсіби маңызды қасиеттерді дамытумен сипатталады. И.М. Яковлеваның пайымдауынша болашақ педагогтардың инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби және тұлғалық дайындығын қалыптастыруда келесі төрт технологияларды есепке алу маңызды саналады: мотивациялық құндылық сферасын қалыптастыру технологиясы, кәсіби тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру технологиясы, кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру технологиясы, инновациялық іс - әрекетке дайындығын қалыптастыру технологиясы. Олардың әрқайсысы педагогтың мотивациялық құндылық сферасын дамытуға, оның кәсіби тұлғалық жағын дамытуға және кәсіби білімдері мен қабылеттерін қалыптастырып, инновациялық іс әрекетке дайындығын қалыптастыруға бағытталған. Сонымен, зерттеу тақырыбы бойынша арнайы әдебиеттерді талдау барысы инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби тұлғалық дайындығын қалыптастыруда оның мотивациялық құндылық дайындығын, кәсіби құзіреттілігін және инновациялық іс - әрекетке дайындығын қалыптасиыру маңызды екендігін көрсетті. Ал, оны қалыптастыру түп негіздері негіздері мотивациялық құндылық дайындығы мен операциялық әрекеттік дайындығы және рефлексивті бағалаушылық дайындығында екендігін көрсетті.

**Зерттеу әдістері мен әдіснамасы.** Зерттеу жұмысын орындау барысында теориялық (зерттеу тақырыбына байланысты әдебиеттерді ғылыми теориялық талдау); эмпирикалық әдістер (бақылау, әңгімелесу, сауалнама, педагогикалық эксперимент), математикалық өңдеу әдістері (зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық талдау әдістері) жүргізілді.

**Зерттеу нәтижелерін талдау.** Мотивациялық құндылығының қалыптасу критерийлері сауалнама арқылы анықталды. Аталмыш әдістемелер тек тұлғалық және мотивациялық қызығушылығын зерттеу ғана емес, сонымен қатар кәсіби педагогикалық толеранттылығын да анықтауға негізделді (Л.М. Митина әдістемесі мен А.Басс әдістемесі). Операциялық әрекеттік дайындығының қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында Л.М. Митинаның әдістемелері қолданылып, ол өзіндік сараптама әдістеріне негізделді. Рефлексивті бағалаушылық дайындығының қалыптасуын анықтау мақсатында кәсіби міндеттерді шешу әдістемесі қолданылып, зерттелініп отырған әр дайындық деңгейлерінің қалыптасу деңгейін сипаттайтын бағалау критерийлері құрылды. Зерттеу нәтижесі аталыш үш компонент бойынша қалыптасу деңгейінің төмен деңгейін көрсетіп, оларды қалыптастыру бойынша бағдарлама құруымызға негіз болды.

**Қорытынды.** Инклюзивті білім беруді дамытудың заману жағдайы инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасайтын педагогтарға үлкен назар аударуда. Кәсіби тұлғалық дайындықтың түп негізі саналатын мотивациялық құндылық, операциялық іс-әрекет және рефлексивті дайындық компоненттері қалыптаспаса инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасайтын болашақ педагогтардың кәсіби тұлғалық іс - әрекеті осал, мотивациялық тұғыры аз т.б кәсіби және тұлғалық жетіспеушіліктерге әкелуі мүмкін. Сондықтан, кәсіби тұлғалық дайындықтың компоненттерін қалыптастыру болашақ арнайы педагогтарды даярлауда басты бағыттардың бірі саналды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

#### *References*

- [1] UNESCO, *Guide to Inclusion: Ensuring Access to Education for All, 2005. 2 World Report on Disability, 2011*
- [2] *The Law of the Republic of Kazakhstan "On Education" (with amendments and additions as of 5.07.2017), Chapter 1, Article 1, under item 7-4*

- [3] *Framework for monitoring inclusive education in the Republic of Kazakhstan* / G.Nogaibayeva, S. Zhumazhanova, E.Korotkov - Astana: JSC IAC, 2-17 -185 s
- [4] Alyokhina, S.V. *Training of pedagogical personnel for inclusive education [Text]* / S.V. Alyokhina//*Pedagogical Journal of Bashkortostan*. 2013 No. 1(44). - p. 26 32 Alyokhina, S.V. *Principles of inclusion in the practice of education [Text]* /S.V. Alyokhina. // *Autism and developmental disorders*. 2013 №1(40).P.16
- [5] Ozhegov, S.I. *Dictionary of the Russian language [Text]: about 53,000 words* / S.I. Ozhegov; under the general editorship of prof. L.I. Skvortsova. M.: "ONYX", 2004– - 896 p.
- [6] Dyachenko, M.I. *Psychology of higher school [Text]: scientific edition* / M. I. Dyachenko, L. A. Kandybovich. 2nd ed., reprint. and add. Minsk: Publishing House of BSU, 1981. - 383 p.
- [7] Kojaspirova, G.M. *Dictionary of Pedagogy (interdisciplinary) [Text]: for higher education. and sred. ped. studies. institutions* / G.M. Kojaspirova, A.Yu. Kojaspirov. M.; Rostov n/A: "March", 2005– - 448 p.
- [8] Slastenin, V.A. *Pedagogy [Text]: textbook for students of pedagogical educational institutions* / V.A. Slastenin, I.F. Isaev, E.N. Shiyanov; edited by V.A. Slastenin. - M.: Publishing Center "Academy", 2007 - 576 p.
- [9] Alyokhina, S.V. *Principles of inclusion in the practice of education [Text]* / S.V. Alyokhina. // *Autism and developmental disorders*. 2013. No. 1(40). p. 16.

